

Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою

Мемлекеттік орган	ҚР Бас прокуратурасы
Қызметті алушылар	Жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің құжаттарын қабылдау және беру "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.
Қызметті көрсету мерзімдері	<p>1) құжаттардың топтамасын тапсырған күннен бастап: Мемлекеттік корпорацияның облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан филиалдарының бөлімдеріне тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне тапсырған күннен бастап – 10 (он) жұмыс күні;</p> <p>2) құжаттар топтамасын тапсыру және құжаттарды алу кезінде кезекте күтудің ең жоғары жол берілетін уақыт – 15 (он бес) минут;</p> <p>3) қызмет көрсетудің ең жоғары жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут.</p>
Қызмет құны	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға ақылы түрде көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 615-бабының 7) тармақшасына сәйкес әрбір құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.</p> <p>Төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Құжаттарға апостиль қоюға төлем деректемелері: Нұр-Сұлтан қаласының Алматы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, ж/ш 108125, ҚР ҚМ kkmfkz2a е/ш kz24070105 ksn0000000 БСН 981140001105 ТМК 911, 991.</p>
Құжаттар тізбесі	<p>Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басты куәландыратын құжат (жеке адамды сәйкестендіру үшін); апостиль қою үшін ұсынылатын прокуратура органдарының, тергеу және анықтау органдарының ресми құжаты; мемлекеттік бажды төлеу туралы түбіртек.</p>

Қызмет көрсету нәтижесі

Адамның қойылған қолының түпнұсқалығын куәландыратын және оның өкілеттігін, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөр және мөртабанның түпнұсқалығын растайтын арнайы мөртабан – апостиль қойылған құжат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік корпорация анықтаманың 1 (бір) айдың ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оны көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті берушіге жіберген, оны көрсетілетін қызметті алушы алуға келмеген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі алты (6) ай ішінде сақталуға жатады, одан кейін жойылады.

Стандартқа сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға қажетті көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар көрсетілетін қызметті берушімен 2 (екі) жыл ішінде сақталуға жатады, одан кейін жойылады.

**Мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандарты**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020674#z42>